ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 2 сәуір №2301-26-00-2/243 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы А.Н.Габдуллин болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Қызылқоға аудандық ветеринариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Ерназар» - Жардем Ахбисенович Зурбаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор К.Таргинова,
талап қоюшы өкілі Қ.Ғ.Ғайнуллин,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 4 желтоқсанда тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №120440000187/250056/00 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2026 жылғы 20 желтоқсанға дейін талап қоюшыға «Моторлық май» (бензинді қозғалтқыштарға арналған, синтетикалық, қысқы) түріндегі тауарды жеткізуге міндеттенген.

Жауапкермен шартта көзделген міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады. Сотқа берген түсініктемесінде тауар уақытылы жеткізілмегендіктен тапсырыс берушінің қызметкерлері өндірістік жоспар негізінде елді-мекен көлемінде жануарлар ауруының алдын алу, диагноситкалау, емдеу және ауыл шаруашылығы жануарларын есепке алу

үшін іс-сапарға шығу қажет болғанын, алайда, тауар жеткізілмеуі салдарынан жоспарлы іс-сапардың бірқатары орындалмағанын, бұл жағдай жағымсыз салдар екенін түсіндірді.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасының талабына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамаған, шарт жасалған күннен бастап тиісті тауарды жеткізбеген.

Тауардың жеткізілмеуі салдарынан талап қоюшының өндірістік жұмысына кедергі келтірілген. Сондықтан шарттың орындалмауынан талап қоюшы үшін жағымсыз салдар орын алған.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсан болып табылады. Талап қоюшы Заң талабын орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2026 жылғы 19 қаңтарда жүгінген. Көрсетілгендердің негізінде, талап қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 2 163 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султанғалиева А. Е., 09.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2026, судья Султанғалиева А. Е., 15.05.2026

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының Қызылқоға аудандық ветенариялық стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Ерназар» - Жардем Ахбисенович Зурбаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ерназар» - Жардем Ахбисенович Зурбаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ерназар» - Жардем Ахбисенович Зурбаевтан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 09.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2026, судья Султангалиева А. Е., 15.05.2026